

**Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы  
Директоратының "Зейнетақы активтерінің қатысуымен мәмілелер жасаудың  
кейбір шарттары туралы" 2000 жылғы 5 мамырдағы N 598 қаулысына өзгерістер  
енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2002 жылғы  
13 маусымдағы N 223. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002  
жылғы 5 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1911. Күші жойылды - Қазақстан  
Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау  
агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 маусымдағы № 75 қаулысымен

**Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен  
қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.06.01 № 75 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық базасын  
жетілдіру және оны Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына  
сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
Б а с қ а р м а с ы                      Қ А У Л ы                      Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық  
комиссиясы Директоратының "Зейнетақы активтерінің қатысуымен мәмілелер  
жасаудың кейбір шарттары туралы" 2000 жылғы 5 мамырдағы N 598 қаулысына (  
бұдан әрі - Қаулы) мынадай өзгерістер енгізілсін:

- 1) Қаулының 2-тармағының 2) тармақшасындағы "Ұлттық комиссияның  
алдын ала келісімі бар болған кезде" деген сөздер "бірақ, есеп айырысу күніне  
дейін кемінде бір жұмыс күні бұрын" деген сөздермен ауыстырылсын;
- 2) Қаулының 3-тармағы алынып тасталсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде  
мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күннен кейін күшіне  
е н г і з і л е д і .

3. Бағалы қағаздар нарығын реттеу департаменті (Шалғымбаева Г.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан  
Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу  
ш а р а л а р ы н                      қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден  
өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан  
Республикасы Ұлттық Банкінің мүдделі бөлімшелеріне, Қазақстан  
Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің

Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетіне, бағалы қағаздар рыногының өзін-өзі реттейтін ұйымдарына, "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" жабық акционерлік қоғамына жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А. Марченкоға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ                      Б а н к

*Төрағасы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК